



**БАҒАЛАУ –  
оқушылардың  
ынтасын арттыру  
құралы**

✓ Бағалау деген не?

✓ Бағалаудың қандай  
түрлерін қолданасыз?

✓ Оқушыны қай кезде бағалайсыз?

**Бағалау** - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез-келген қызметті сипаттайтын ұғым.

**“Бағалау”** термині **“жақын отыру”** дегенді білдіретін **латын** сөзінен шыққан.

# *Бағалаудың аспектілері:*



**Оқуды бағалау ОҮ  
(жиынтық бағалау)**

**суммативті**

- ❖ **Оқуды бағалау** қорытындылау үшін өткізіледі.



**Оқу үшін бағалау ОҮБ  
(қалыптастырушы бағалау)**

**Формативті**

- ❖ **Оқу үшін бағалау** оқушылардың білім алуына көмектесетін оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі.



# БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ

Қалыптас-  
тырушы  
бағалау


- Күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды.

Жиынтық  
бағалау

- Бір тарауға байланысты қалыптастырған білім деңгейін анықтайды

# Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту

Сұрақтың  
тиімді  
қойылуы



Оқушымен  
бірге  
критерийлерді  
талдау

Сыныптасын  
және  
Өзін-өзі бағалау

Кері  
байланысты  
қамтамасыз  
ету

❖ **Дескриптор** – оқушының белгілі бір тапсырма бойынша орындаған жұмысының деңгейін немесе сапасын сипаттайтын тұжырым.

❖ **Критерийлер** - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбегі.



## \* Бағалау критерийлері

| Критерийлер               | дискрипторлар                                      | Бағалау шкаласы<br>0,1,2 |
|---------------------------|--|--------------------------|
| Тақырыптың ашылуы         | 1. Тақырыпқа сай келуі<br>2. Мазмұндылығы          |                          |
| Постер жасаудағы талаптар | 1. Жүйелілігі<br>2. Ұқыптылығы<br>3. Түсініктілігі |                          |

10-9 ұпай - «5»

6-5 ұпай - «3»

8-7 ұпай - «4»

4 ұпайдан төмен - «2»

# Бағалаудың басты ерекшелігі:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі



# Маңыздылығы:

## □ Мұғалім үшін:

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

## □ Оқушы үшін:

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

## □ Ата-ана үшін:

1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
3. Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

# Бағалау критерийлері ұпай

- Әдемі, тартымды 1-2
- Орналасуы 3-4
- Маңыздылығы 5-6
- Қолданылуы 7-8

# **ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ КЕЛБЕТІ**

**Жай мұғалім-хабарлайды,  
жақсы мұғалім-түсіндіреді,  
керемет мұғалім-көресетеді,  
ұлы мұғалім-шабыттандырады.**

**У. Уорд**